

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы
Стратегиялық даму және сапа комитеті мәжілісінің
№1 хаттамасы

Түркістан қаласы

30 қыркүйек 2024 жыл

Сағат 15:00

Қатысқандар: 17

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау;
2. 2024-2025 оқу жылына Сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы;
3. Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы;
4. Өртүрлі мәселелер.
- 4.1. Құжаттандырылған процедураны актуализациялау және бекіту туралы;
- 4.2. Университет, формуляр, журналдар реестрін актуализациялау туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы университеттің Стратегиялық даму және сапа комитетінің 2024-2025 оқу жылына арналған комитет мүшелерінің құрамы (қосымша тіркелді), комитетте қаралатын, атқарылатын жұмыстардың маңыздылығына тоқтала келе жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша Айнаш Есімбекқызы комитет мүшелеріне өзгертулер мен толықтырулар бойынша комитет мүшелігіне қосымша мамандарды қосу қажет екендігін айта кетті, яғни олар шаруашылық департаментінен, қаржы департаментінен және IT маманы болу керек екендігін атап өтті. Сонымен қатар, комитет төрайымы жұмыс жоспары қамтитын негізгі бағыттарды атап көрсетті және жұмыс барысына қажеттілікке орай жұмыс жоспарына толықтырулар енгізу мүмкіндігін ескертті.

Шешім: Дауыс беру нәтижесінде, комитет мүшелерінің құрамы төмендегі кестеге сай қабылдансын. Стратегиялық даму және сапа комитетінің 2024-2025 оқу жылы бойынша жұмыс жоспары мен комитет мүшелері төменде ұсынылған жобада қабылдансын.

№	Аты-жөні	Қызметі	Комитеттегі қызметі
1.	Ошибаева Айнаш Есімбекқызы	Ғылым және Стратегиялық даму вице-ректоры	Комитет төрайымы
2.	Кырыкбаев Максат Турсынбаевич	Риск-менеджер, Комплаенс офицер	Комитет мүшесі
3.	Кырыкбаева Салтанат Саятовна	Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы	Комитет мүшесі

4.	Ермухамедова Айжан Пернебаевна	Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының бас сарапшысы	Комитет мүшесі
5.	Бостанова Ардак Мұратқызы	Академиялық департамент директоры	Комитет мүшесі
6.	Шахабаев Ермахан	Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің басшысы	Комитет мүшесі
7.	Масадиков Хайрулла Гайбуллаевич	Ғылым департаментінің директоры	Комитет мүшесі
8.	Сунакбаева Дилара Кахаровна	Білім беру бағдарламаларының сапасын және аккредиттеу секторы бас сарапшысы	Комитет мүшесі
9.	Дәркембай Аружан	Жастар саясаты департаментінің директоры	Комитет мүшесі
10.	Дадажанов Фуркат Абдужаппарович	Халықаралық байланыстар департаменті директоры	Комитет мүшесі
11.	Боранбаев Аскар	Шаруашылық департаменті директорының орынбасары	Комитет мүшесі
12.	Баймагамбетов Бейбит Туленбаевич	Қаржы департаменті бас бухгалтер орынбасары	Комитет мүшесі
13.	Сулейменов Мурат	Ақпараттық технологиялар департаменті директоры	Комитет мүшесі
14.	Гаипов Тулкинжон Эркинович	Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының директоры	Комитет мүшесі
15.	Накипов Хандулла Хайруллаевич	Клиникалық- диагностика орталығының сапа бойынша басшы орынбасары	Комитет мүшесі
16.	Сарсенов Бакытбек Темирбекович	Жаратылыстану ғылымдары факультеті, оқу-ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD, аға оқытушы, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы	Комитет мүшесі
17.	Файзиева Севара Атахановна	Стоматология факультеті, оқытушысы, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы	Комитет мүшесі
18.	Кулманбетов Турехан Халхайдорович	Спорт және өнер факультеті, аға оқытушы, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы	Комитет мүшесі
19.	Байбахов Нурбол Абдураимович	Экономика, басқару және құқық факультеті, PhD, аға оқытушы, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы	Комитет мүшесі
20.	Искандирова Эмира Джаппаровна	Медицина факультеті, м.ғ.к., аға оқытушы факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы	Комитет мүшесі
21.	Шалабаева Жанар Сүйіндікқызы	Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар факультеті, аға оқытушы, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы	Комитет мүшесі
22.	Мамырбекова Айжан Көмекбаевна	Медицина факультеті, х.ғ.к., доцент, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы	Комитет мүшесі
23.	Назарбек Толкын Султанқызы	Инженерия факультеті, магистр-оқытушы, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы	Комитет мүшесі
24.	Нурмагомбетова Ынтымагуль	Филология факультеті, аға оқытушы, факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы	Комитет мүшесі
25.	Шилмамбетов Саян Турысбекович	Теология факультеті, PhD, аға оқытушы, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы	Комитет мүшесі
26.	Жұмаханқызы Нұрайлым	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, 3-курс, ППМ-211	Комитет мүшесі
27.	Сеиткулова Жадра Амалбаевна	Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының бас маманы	Комитет мүшесі, хатшы

№	Қарастырылатын мәселелер	Жауапты тұлғалар, ҚБ
1-мәжіліс 2024 жыл, қыркүйек-қазан		
1.	Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау	Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, комитет мүшелері
2.	2024-2025 оқу жылына Сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы	Стратегиялық даму және сапа орталығының басшысы
3.	Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы	Стратегиялық даму және сапа орталығының басшысы
4.	Әр түрлі мәселелер	
2- мәжіліс 2025 жыл, қаңтар-ақпан		
1.	Әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б) қатысу туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму және сапа орталығының басшысы
2.	Университет құрылымында 2024-2025 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы	Стратегиялық даму және сапа орталығының басшысы
3.	Әр түрлі мәселелер	
3- мәжіліс 2025 жыл, маусым		
1.	Даму бағдарламасының оқу жылы бойынша орындалуы туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму және сапа орталығының басшысы
2.	Сыртқы бақылау аудиті нәтижелері туралы	Стратегиялық даму және сапа орталығының басшысы
3.	Сапа мақсаттарының орындалуының жылдық есебі туралы.	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму және сапа орталығының басшысы
4.	Әртүрлі мәселелер	

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырыкбаева 2024-2025 оқу жылындағы сапа мақсаттарының орындалуы бойынша таныстырып өтті. Университеттің сапа мақсаттарының жобасын вице - ректорлармен келісілгендігін және алдын ала танысу үшін комитет мүшелеріне таратылғанын айтып өтті. Сапа мақсаттарының Стратегиялық даму жоспарымен сәйкестілігін және комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары есебінің жобасымен таныс екендігін айта келе, бекітуді бір ауыздан қолдайтындықтарын білдірді.

№	Мақсаттарды орындау бойынша міндеттер	Мақсаттардың орындалу көрсеткіштері
1.	АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету	- Университеттегі автоматтандырылған бизнес-процестердің үлесі - 20%; Компьютерлік парктің жыл сайынғы жаңартылу - 30%; - Университеттегі қызметке тартылған шетелдік мамандар үлесі - 5%; -ОПҚ ғылыми дәрежелілігі - 50%;
2.	АЯУ имиджін және беделін нығайту	-QS-WUR рейтингіндегі ЖОО позициясы – 780+; "Атамекен" рейтингінде үздік 25%-ға енген бағдарламалар саны – 2; -The QS World University Rankings: Sustainability (SDG (Sustainable Development Goals)) жаһандық рейтингтегі орны – 1590+; - Times Higher Education Impact Rankings жаһандық рейтингтегі позициясы – 1001+;
3.	Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру	- Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі - 82%; - Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі - 60%; - Университеттегі халықаралық білім беру бағдарламаларының

	экожүйесін құру	саны -2; - Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелге кеткен білім алушылар үлесі – 1,2%; ОПҚ-ның сыртқы (келген/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі – 0,5%;
4.	Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру	- Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі – 1,1%;
5.	Зерттеу экожүйесін дамыту	- ҒЗТҚЖ (Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) жүзеге асыратын ғалымдар мен зерттеушілердің жалпы санынан жас ғалымдардың саны (ГК/БМҚ бойынша ғылыми жобаларға қатысу және т.б.) - 140; -ГК/БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПҚ үлесі -12;
6.	Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру	- Бюджеттен қаржыландырылатын іске асырылатын ғылыми жобалардың саны – 35; - Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингілі басылымдарындағы мақалалар мен ғалымдардың шолуларының саны – 95+; - Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны – 1; - Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі – 10 000 000 тг. - Н-индексі (Хирша индексі) алты және одан жоғары ғалымдар саны – 9; - Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер мен Халықаралық деңгейдегі патенттер және жіберілген өтінімдер саны – 3;
7.	Ахмет Ясауи университетінің ғылыми-зерттеу институттарын дамыту	- Жобалар саны (ғылыми, әлеуметтік, халықаралық, елдік және т.б.) - +1;

Шешім: Университеттің 2024-2025 оқу жылына арналған Сапа бойынша мақсаттары бекітілуге ұсынылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі: 2024 жыл 10 қазанға дейін.

3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева сөз сөйледі. Орталық басшысы ISO 9001: 2015 Халықаралық стандартының 9.2 бабына сәйкес университетте жүргізілетін ішкі аудиті бойынша қысқаша айтып өтті. Осы жылғы ISO 9001: 2015 Халықаралық стандартының 9.2 бабына сәйкес университетте ішкі аудит 21-ші қазаннан бастап 11-ші қараша аралығында өткізілетіндігін және ішкі аудит кезең-кезеңмен, әр бағыт бойынша чек-листер, планшеттермен өткізілетіндігін айта кетті. Ішкі аудит бойынша 19 қызметкер оқытылады. Оқу курсы қазан айының 7,8,9 күндері аралығында өтеді. Ішкі аудиттің ережесін жаңалап оны комитет мүшелерімен ақылдасып бекітілетінін атап өтті. Сондай-ақ, университетімізде Халықаралық ISO 9001:2015 стандарттарының талаптарына сәйкес, IQNET Халықаралық сертификаттар жүйесінің партнері Түркия стандарттар институты тарапынан сыртқы бақылау аудиті 2025 жылдың

көктем айында өткізуді жоспарлап жатқандығын және бұл мәселенің әлі де толық шешілмегендігін айта кетті. Сөз соңында комитет төрайымы ішкі аудитті Академиялық департаментпен сапаны қамтамасыз ету жағынан толық өткізілетіндігін баса айтты. Ішкі аудиттің нәтижелерін келесі комитет отырысында талқыланатыны ескертілді.

Шешім: Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы мәліметтер назарға алынсын.

Әртүрлі мәселелер.

4.1. Құжаттандырылған процедураны актуализациялау және бекіту туралы. Университеттің құжаттандырылған процедураның өзгертілген нұсқасын қолданынысқа енгізу туралы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырыкбаева қолданыстағы құжатталған процедуралардың университеттің ISO 9001:2015 стандарты бойынша сертификатқа ие екенін, стандарт баптары мен атауларының өзгергенін айта отырып ұсынылған құжатталған процедураны бекітуді сұрады.

Шешім: Университеттің құжаттандырылған процедурасы бекітілсін.

4.2. Университет, формуляр, журналдар реестрін актуализациялау туралы орталық басшысы жаңадан әзірленген формуляр, журналдар реестрі жобасымен таныстырып шықты. Барлық құрылымдық бөлімдерге қызметтік хат жазылғандығын және осы құжатпен алдын ала танысу үшін комитет мүшелеріне жіберілгенін ескертіп, барлық бөлімдерге қатысты құжаттар жинақталып, белгілі бір жүйеге келтірілгенін айтты. Комитет мүшелері формуляр, бланкілер, журналдар реестрінің жаңа жобасын толық қолдайтындығын білдірді.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің формуляр, журналдар реестрі бекітілсін және сайтқа орналастырылсын. (Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы. Мерзімі: 2024ж. 04 қазанға дейін).

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



Ж.Сейткулова